

№ 18 сорғы станциясынан № 22 сорғы станциясына дейін 110 киловольт әуе желісіне қызмет көрсету үшін жер учаскелеріне жария сервитутты белгілеу туралы

Қарағанды облысы Осакаров ауданының әкімдігінің 2024 жылғы 13 желтоқсандағы № 114/01 қаулысы

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 17-бабының 5-1) тармақшасына, 69, 71-1-баптарына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 31-бабы 1-тармағының 10) тармақшасына сәйкес, Осакаров ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Су ресурстары және ирригация министрлігінің "Қазсушар" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына № 18 сорғы станциясынан № 22 сорғы станциясына дейін 110 киловольт әуе желісіне қызмет көрсету үшін 49 жылға дейінгі мерзімге жер учаскелерін алып қоймай, Осакаров ауданының Шідерті, Трудовой, Қаратомар ауылдық округтердің аумағында орналасқан жалпы ауданы 0,3860 гектар жер учаскелеріне жария сервитутты белгіленсін.

2. Қазақстан Республикасы Су ресурстары және ирригация министрлігінің "Қазсушар" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына (келісім бойынша) жер учаскелерінің меншік иелері мен жер пайдаланушылардың шығындарын толық көлемде өтеуі қажет, залалдардың мөлшері мен оларды өтеу тәртібі Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес тараптардың келісімімен айқындалсын.

3. "Осакаров ауданының жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесіне Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қамтамасыз ету:

1) осы қаулыға қол қойылған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде оны Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкіне енгізу және Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына ресми жариялау үшін қазақ және орыс тілдерінде электрондық түрде жіберу;

2) осы қаулыдан туындайтын өзге де шаралар қабылдасын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

5. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Жария сервитут белгіленуге жататын жер учаскелерінің тізбесі

№№	Кадастрлық нөмір	Учаскенің орналасқан жері	Жария сервитут белгіленуге жататын учаскелердің ауданы (лицензия шекарасында), га
1.	09-137-041-056	Қарағанды облысы, Осакаров ауданы, Шідерті ауылдық округі	0,0040
2.	09-137-041-062	Қарағанды облысы, Осакаров ауданы, Шідерті ауылдық округі	0,0120
3.	09-137-041-039	Қарағанды облысы, Осакаров ауданы, Шідерті ауылдық округі	0,0080
4.	09-137-041-024	Қарағанды облысы, Осакаров ауданы, Шідерті ауылдық округі	0,0060
5.	09-137-041-065	Қарағанды облысы, Осакаров ауданы, Шідерті ауылдық округі	0,0060
6.	09-137-041-067	Қарағанды облысы, Осакаров ауданы, Шідерті ауылдық округі	0,0180
7.	09-137-050-068	Қарағанды облысы, Осакаров ауданы, Трудовой ауылдық округі	0,0500
8.	09-137-050-033	Қарағанды облысы, Осакаров ауданы, Трудовой ауылдық округі	0,0060
9.	09-137-034-007	Қарағанды облысы, Осакаров ауданы, Трудовой ауылдық округі	0,0460
10.	09-137-050-065	Қарағанды облысы, Осакаров ауданы, Трудовой ауылдық округі	0,0140
11.	09-137-050-115	Қарағанды облысы, Осакаров ауданы, Трудовой ауылдық округі	0,0380
12.	09-137-050-072	Қарағанды облысы, Осакаров ауданы, Трудовой ауылдық округі	0,0260
13.	09-137-060-047	Қарағанды облысы, Осакаров ауданы, Қаратомар ауылдық округі	0,1120

14.	09-137-060-001	Қарағанды облысы, Осакаров ауданы, Қаратомар ауылдық округі	0,0400
	БАРЛЫҒЫ		0,3860

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК